

Abstract. The features of the formation of environmental auditing in Kazakhstan and in international practice are considered. In recent years, taking into account international experience, the initiative activities of enterprises aimed at solving the problems of minimizing the negative impact on the environment, which has received the name of an environmental audit, gain special significance. Its role in the economy of Kazakhstan and assisting enterprises in formulation of environmental policies, programs on the implementation of measures in the field of environmental protection is presented. The problems that auditors face in assessing the environmental activities of business entities are identified. Its main advantage is the possibility of strengthening the management of environmental protection without additional financial investments. It was proposed to increase the interest of enterprises in conducting environmental audits. The content of the environmental audit as a system of multi-faceted expert assessment of a territorial entity is revealed, which includes, in addition to checking compliance with environmental requirements and standards, the mandatory consideration of the following parameters: the effectiveness of environmental regulation authorities; the state and extent of the environmental management system of the territory; availability of a unified system of its environmental, statistical and financial reporting; the effectiveness of the use of financial flows in the field of environmental management and environmental protection of a territorial entity.

Ключевые слова: экологический аудит, аудиторы, окружающая среда, природопользование, экологическая политика, финансовые потоки, правовая и нормативная база.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы табиғатты рақымсыздықпен пайдаланудан және қоршаған ортаны ластаудың теңдессіз көлемде болуынан көрінеді, ол көп мөлшердегі құрбандық пен өсе түскен материалдық шығындары бар техногенді авариялар мен апаттардың санын арттыратын стихиялық апат тудырады.

Экологиялық аудит жүргізу шын мәнінде мемлекеттік, өндірістік және қоғамдық экологиялық бақылаумен өзара байланыстағы экологиялық кәсіпкерлі қызметінің кәсіби түрін білдіреді. Сөйте тұра, аудит жүргізу қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге апаратын жолдың принципті түрде сапалы өзгерісінің пайда болуы ретінде қарастырылады.

Жаңа салық нормаларына қарамастан, экологиялық төлемдер жүйесі қоршаған ортаның ластануын экономикалық ынталандыру бойынша төмендетуін қамтамасыз етпейді. Сондықтан басқарудың барлық деңгейлерінде табиғатты қорғау мұқтаждарына арналған экологиялық қаражаттың мақсатты жоспарлануына және жұмсауына қатаң бақылау қажет.

104

гиялық есеп жүйесін ұйымдастыруды бағалау кезінде, осы жүйелердің өзара іс-қимылының тиімділігі артады. Ұйымның экологиялық менеджмент жүйесін зерттеу барысында дедуктивті әдіс қолданылады. Кәсіпорынның экологиялық саясатының мақсаттары мен міндеттерінің жалпы сәйкестігі: ұйымның экологиялық есеп жүйесін, көрсетілген жүйе бойынша тиімді қызметін бағалау.

Индуктивті әдіске сәйкес зерттеу объектісі біртіндеп, яғни, жекеден жалпыға өту арқылы жүзеге асады. Жалпы қорытындысы көптеген бақылаулар мен жергілікті қорытындыға байланысты негізделді. Индуктивті әдіс арқылы жеке құбылыстар мен процестерге басты назар аударылады: технологиялық процесс деңгейі, негізгі құралдар объектілері, өндірістің және тұтынудың қалдықтары, қоршаған ортаны қорғау және т.б. шығындарын есепке алу секілді, есепке алудың жеке бөлімдері. Анықталған жетіспеушіліктер белгілі бір қорытындыға жетуге, нәтиже және ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді. Экологиялық аудитте, негізінен, экоауди-торлық тексерістермен, аудиттің мақсаты мен міндеттерінің ерекшеліктерімен түсіндірілетін индуктивті әдіс қолданылады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Экологиялық аудит ерікті (бастамашылық) және міндетті түрде болуы мүмкін. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, экологиялық аудит жүргізу мемлекеттік емес бастамашыл қызмет ретінде маңызға ие, өйткені оған шаруашылық субъектісінің өзі мүдделілік танытады.

Қазіргі таңда Қазақстанда экологиялық аудит жүргізу ерікті түрде болып саналады, сондықтан осы саладағы қызметтің бағыты мен әдістемелік әзірлемелер тапсырыс беруші кәсіпорынның қажеттілігіне байланысты жүзеге асырылады, басқаша айтқанда, көрсетілетін экоаудиторлық қызметтің практикалық қажеттілігімен шарттасады.

Қазақстанда кәсіпорындардағы экологиялық аудитті жүргізудің өзектілігінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілері бар.

Жаһандық экологиялық мәселелер әлемдік экономикалық және әлеуметтік мәселелермен тығыз байланысты, бірақ олардың күмәнсіз маңызына қарамастан, кәсіпорындар осы салада инвестиция салудан болашақтағы пайдасын сезінбестен, табиғатты қорғау қызметінен үнемдеуді жалғастырып келеді.

Бастамашыл экологиялық аудитті әзірлеу мен жүргізудің негізгі себептері экономикалық факторлар болып отыр (1 сурет).

Суретте көрсетілгендей, кәсіпорындарда экологиялық аудитті жүргізу туралы шешім қабылдауға факторлардың үш тобы мәжбүр етеді. Экологиялық, экономикалық және әлеуметтік себептер өзара бір-бірімен жиі байланысты болады. Сонымен, қоршаған ортаның жағдайының төмендеуі табиғат әлемінің деградациясына, экожүйенің күйреуіне және ұлт денсаулығының әлеуметтік мәселелерінің туындауына, өмірдің экологиялық сапасының нашарлауына әкеледі, сонымен бір мезетте, экономикаға шығын әкеледі, өйткені қоршаған табиғи ортаға экологиялық зиян келтірілгені үшін және зиянды қалдықтар үшін ақы төлей отырып, кәсіпорын зиян шегеді. Жер қыртыстарының, су қоймаларының, атмосфералық ауаның ластануы, табиғи ресурстардың сарқылуы, сияқты жаһандық экологиялық мәселелердің туындауы адамзат өркениетінің азуына әкеліп соғады.


Бәрінен бұрын, табиғатты қорғау қызметін оңтайландырудың ең күшті стимулін көрсету керек – ұлттық, әсіресе, халықаралық инвестициялық салымды тарту, олардың көпшілігі міндетті түрде экологиялық аудит жүргізуді талап етеді. Бірінші орында, бұл талаптар Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арқылы жүзеге асырылатын инвестицияларға қатысты болады. Бұған дейін айтылғандай, мұндай жағдайда аудит жүргізу экологиялық қызметтің нарықта әрекет ететін негізінен батыс фирмалары арқылы мамандандырылған банк әдісімен жүргізіледі. Алынған аудиторлық қорытынды жобаны инвестициялау туралы банктің ақырғы шешіміне ықпал етеді.

Аудиторлық оң қорытындыны алу батыс инвестициясын алуға ниеттенген кәсіпорыннан экологиялық саладағы алдын ала зор дайындық пен белсенді қызметтің болуын талап етеді. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға дайындау мақсатында, компаниялардың экологиялық ерікті аудиті бағдарламасын әзірлеу мен жүргізу маңызды рөл атқарады.

«Экологиялық сараптама туралы» 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212 заңының күшіне енуіне байланысты, кәсіпорындарға кездескен тағы да бір өзекті себеп ретінде әзірленетін жоба алды және жобалық материалдарды жобалау мен бағалауға қойылатын талаптың күшейтілгенін атап көрсеткен жөн. Атап айтқанда, кез келген

жоба алды және жобалық шешімдер қызмет аясы жүргізілетін аудандағы нақты іс жүзіндегі экологиялық жағдайда қарастырылуы керек, оған қолданыстағы экологиялық бақылау мен басқару жүйесінің тиімдігі де қамтылады. «Оқшауланған»

шешім экологиялық сараптамадан оң бағалануы мүмкін емес. Мұндай ақпаратты жобаның тапсырыс берушісі немесе жобалаушыға экологиялық аудиттің тиісті бағдарламасы қамтамасыз етуі мүмкін.



1 сурет – Қазақстандық кәсіпорындардағы экологиялық аудитті жүргізудің практикалық қажеттілігінің себептері

Экологиялық аудитті жүргізудің практикалық қажеттілігімен шарттасатын факторлардың үшінші тобы – әлеуметтік факторлар. Мұндай факторларды кәсіпорынның «жасыл» имиджін жасау және қоғамдастық пен тұрғылықты халықпен арадағы қарым-қатынас ретінде белгілейміз.

Біздің мемлекетімізде қоғамдық пікір зор маңызға ие. Батыстың көптеген дамыған мемлекеттірі сияқты, Ресейде де та-

биғатты пайдаланушы-кәсіпорындармен, қоғам мен тұрғындардың арасындағы өзара қарым-қатынасқа үлкен мән беріледі. Осы өзара қарым-қатынасты сауатты құра білу өндірілетін өнім мен қызметтердің жарнамасына, беделге әсер етеді, ол өз кезегінде сатып алу сұранысының, кәсіпорын акцияларының құнының, пайдасының артуынан көрінуі мүмкін. Өндірістік қызметке ықпал ететін, мүдделілік танытқан тұлға

ретінде кәсіпорынның қоғам және тұрғындармен қолайлы қарым-қатынасының дамуы қоршаған табиғи ортаға кәсіпорынның (экономикалық субъектінің) тигізетін әсері туралы тиісті әрі жеткілікті ақпаратты жүйелі және мақсатты түрде ойластыруын мүдделі және жауапты тұлғалардың назарына кәсіпорынның экологиялық мақсаты мен міндеттері туралы, экологиялық саясат пен оны жүзеге асыру барысында алынған нәтижелерді жеткізуді талап етеді. Мұндай ақпараттардың тиімділігін арттыру үшін оны қоғам мен тұрғындарға қолайлы және қолжетімді формада ұсынған жөн. Мұндай міндеттер экологиялық аудит жүргізу негізінде шешілуі мүмкін. Экоаудит бағдарламасы кәсіпорынның дәл сол «жасыл» имиджін көтеру мәселесін шешу үшін арнайы қалыптастырылған болуы мүмкін.

Экологиялық аудит, негізінен, қоғам мен табиғат арасындағы нақты бір үндестікке қол жеткізу механизмі болып саналады, өйткені оны жүргізу, бір жағынан, кәсіпорындардың кері әсерлерінің жиынтығын қысқарта отырып, табиғатқа деген адамдардың қатынас сипатының өзін өзгерте отырып, табиғи ортаны қорғайды, ал екінші жағынан, табиғатты қорғау қызметін күшейтудегі нақты кәсіпорынның материалдық стимулын жасайды.

Қазақстанда және шет елдерде экологиялық аудиттің ондаған тапшылықты түрлері бар. Мұндай әралуандылық біздің көзқарасымыз бойынша, мына себептермен шарттасады:

- мәселенің жете зерттелмеуі: экологиялық аудит түсінігі әлі де экономикалық-экологиялық теорияда және практикада білімнің кешенді қалыптасқан жүйесі түрінде логикалық аяқталған әрі түпкілікті мәні түсіндірілген жоқ;

- бір жағынан тәжірибеде аудиторлардың, екінші жағынан ғалым-теоретиктердің арқасында экологиялық аудиттің әрдайым ізденісте әрі жаңа формаларының ашылуы;

- экоаудит объектілерінің жеткілікті түрде кең спектрінің, оның механизмі әрекетінің ауқымды саласы, тиісінше, «экологиялық аудит» түсінігінің өзінің көп қырлы болуы.

Экологиялық саладағы техногендік және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің теориялық аспектілері Г.П. Серов, С.Л. Байдаковтардың еңбектерінде, сондай-ақ жұмыстардағы экологиялық аудит мәселесі бар контекстерде барынша толық талқыланды. Кәсіпорынның экологиялық аудитін ескере отырып, Г.П.Серв өз

мақсатын «экологиялық саладағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұйымдық-құқықтық механизмнің бірі ретінде экологиялық аудит рөлін зерттеу және негіздеу» деп көрсетеді. Кең мағынасында алғанда, экологиялық аудит дегеніміз Қазақстанның экологиялық саладағы ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдық-құқықтық механизмі ретінде көрсетілген [1].

Өз кезегінде, кәсіпорынның және табиғи объектілердің экологиялық қауіпсіздігі басқа сипаттағы бірқатар шараларды қамтамасыз етеді: экологиялық мониторинг, техникалық сараптама және т.б. Табиғи объектілер тарапынан болатын қауіптің күшін жою жөніндегі іс-шаралар кешеніне табиғи объектілердің ластануын сауықтыру, оның табиғи ерекшеліктерін қайта қалпына келтіру жөніндегі шаралар қосылуы мүмкін.

Нақты бір саладағы белгіленген нормативтерге сәйкессіздіктерін бағалау нәтижесі бойынша кәсіпорынды азаматтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартқан жөн.

Қазіргі таңдағы экологиялық мәселелердің тереңдеп кетуіне және объектілердің қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезіндегі қоғамдық өзіндік қатынастар тобының туындауына байланысты, мәселенің мәнін шешуге кешенді түрде жаңа негізбен келуге принципті түрде мүмкіндік беретін амал-тәсілдер мамандарды барынша қызықтырып отыр. Мұндай механизмді экологиялық менеджмент пен экологиялық аудит көрсетеді, оларға практикалық іске асыруда үлкен үміт артылады [2].

Территорияның экологиялық аудиті нақты бір жер телімінің табиғи-ресурстық әлеуетін бағалауға, кері табиғи және табиғи-техногенді процестерді анықтауға, қоршаған ортаға техногенді әсерлердің түрлері мен деңгейін айқындауға бағытталған. Бұл бағыттың маңыздылығын Батыс ерте түсінді [3].

Экологиялық аудиттің осы түрінің өзектілігі территория, жер қойнауы мен биоресурстарды рационалды пайдалану мен қорғау мәселесінің жаһандануымен шарттасады. Сонымен, заманауи өркениеттің туындаған сәтінен бастап жер шарының 1/3-тен астамын орман алаңы құрады [4]. Мұхиттардың мұнай өнімдерімен, синтетикалық құралдармен, улы химикаттармен, ерімейтін пластиктермен ластануы шексіз мөлшерге жетті. Мұхиттың бетінің 1/5 бөлігі мұнай қабықшасымен жабылған деген пікір бар. Өмірдің басты іргетасы – Жер бетінің

үстіңгі бетіндегі жер қыртысы түгелдей деградацияға ұшыраған. Егер қара топырақтың бір сантиметрі 300 жылда жинақталатын болса, ал қазір бір сантиметр жер қыртысы үш жылда жойылып отыр.

Территория мен жер қойнауының ең әлсіз бөлігі тұщы су мен қазба байлықтар болды. Ағын сулар, пестицидтер (арамшөпті, өсімдік зиянкестері мен індеттерін жоятын химиялық препарат), тыңайтқыштар, сынап, мышьяк, қорғасын және басқа да көптеген заттар сансыз мөлшермен өзендер мен көлдерге түсіп жатыр. Дунай, Волга, Байкал көлі, Ресейдің кіші өзендері, жерасты сулары әбден ластанған. Жер қойнауының артық қорлары – мұнай, көмір, газ сарқылуда [5].

Қалаларға экологиялық аудит жүргізу керектігі анық. Зиянды заттардың шекті мөлшерден асып кетуі тек бірқатар кәсіпорындардың территориясында ғана емес, қалалардың да аумақтарында байқалып отыр. Әсіресе, қалалық транспортты кеңінен қолдану үлкен зиян әкеліп отыр. Осы мәселеге байланысты, сырқат адамдардың саны көбейіп келеді, әсіресе, обыр ауруы мен жүрек-қан тамырлары аурулары өсе түскен. Қалалардың айналасындағы территориялар тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың үйіндісіне айналған.

Осылайша, көзге көрініп тұрған мәселелерге мына міндеттерді шеше отырып, экологиялық аудитті білдіретін жаңа сапалы шешімдерді табудың қажеттілігі туындайды:

- жер телімдері мен жер қойнауының құнын бағалау;
- экожүйе құрылымдарының оңтайландыру;
- белгіленген нормативтерге сәйкес, территориядағы антропогенді жүктеменің дәрежесіне сәйкес бақылау жасау;
- топырақтың құнарлылығын сақтау;
- табиғат ескерткіштерін: ұлттық ормандар, жазық дала, өзендер мен көлдер, ландшафтар, сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарларды қорғау.

Қазіргі кезде территорияның экологиялық аудиті жылжымайтын мүліктің операцияларымен, жер телімдерінің мәмілесімен бірге жүргізіледі. Өзендер мен көлдер, орман алқабы, қалалар мен экожүйенің міндетті экологиялық аудиті мемлекеттік билік органдарының өкімімен жүргізіледі. Қоршаған ортаның компоненттерінің бірінің жай-күйіне баға беру немесе кешенді аудит жүргізілуі мүмкін [6].

Қазіргі уақытқа дейін Қазақстанда экологиялық аудит дамуын енді ғана бастады. Мемлекет Президентінің Қазақстан Хал-

қына арнап жолдаған 2006 жылғы 1 наурыздағы Жолдауында берілген тапсырмаларды орындау үшін, заң шығарушы билікке маңызды жұмыс бәрінен бұрын табиғатты қорғау заңнамасын халықаралық стандарттарға сәйкес реформалау болып отыр. 2007 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі қабылданды, ол қазақ елінің экологиялық заңнамасын су жаңа халықаралық стандарттарға сәйкестігіне негізделген болатын, сондай-ақ онда халықаралық жаңа стандарттарға өту, мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру көзделген. Осы Экологиялық кодекстен басқа Қазақстанда бірқатар заңнамалық және үкіметтік актілер қабылданды, олар өз кезегінде ұйымның экологиялық саясатының қалыптастырылуын анықтайды.

Бүгінгі таңда көптеген практик аудиторлар мен ғылым өкілдері экологиялық аудитті зерттеумен айналысып жатқанына қарамастан, экологиялық аудиттің өте маңызды әрі өзекті мәселелері өте аз зерттеліп отыр. Бүгінгі күні ғылыми зерттеуден Қазақстандағы экологиялық аудиттің даму концепциясын әзірлеуге қатысты теориялық, әдіснамалық және практикалық базаға негізделген бағыты тыс қалып отыр. Мұндай концепцияны қалыптастыру үшін кезек күттірмей шешімін табуды талап ететін бірқатар ғылыми мәселелер бар. Ең басты мәселе деп Қазақстандағы экологиялық аудиттің теориялық негіздерінің өте аз зерттелгенін айтуға болады. Осы мәселе экологиялық аудиттің ғылыми зерттелуіне осы саладағы жетекші ақыл-ойлардың да, жас ғалымдардың да тарапынан аз көңіл бөлуден басталады. Бүгінгі күнге заманауи қаржылық есептілікте негізгі экологиялық көрсеткіштер жоқ – бұл сөзсіз Қазақстандағы экологиялық аудиттің дамуы тұрғысында үлкен кемшілік болып саналады. Аталған мәселе ұйымның шаруашылық қызметінің экологиялық көрсеткіштерінің «ашықтығы» төмендеуіне тіпті болмауына әкеп соғады. Қаржылық есептіліктің өзгерісі негізгі экологиялық көрсеткіштерді баланс бабына енгізу жолымен, яғни экологияландырылған балансты жақын болашақта құрал-саймандық қаражат ретінде қолдану мынаған мүмкіндік береді: табиғатты қорғау шығындарының есептілікте көрініс табуын стандартқа келтіру; сондай-ақ толық көлемде экологиялық шектеулер анықталған кезде кәсіпорынның экономикалық қызметіне жедел бақылау жасауды жүзеге асырады; экологиялық факторды ескере отырып, түзетілген, мәлі-меттердің

негізінде басқару шешімдерін қабылдауды іске асырады [қараңыз 6].

Экологиялық аудитті жүргізудің мақсаты тексерілетін объектінің экологиялық жағдайы туралы аудиторлық қорытынды жасаумен аяқталатын аудиттің түріне (қаржылық, техникалық, басқарушылық) байланысты болмақ. Экологиялық аудиттің негізгі міндеттері жалпы аудиттің міндеттерімен ұқсас, алайда өз ерекшеліктері болады, ал егер нақтырақ айтқанда: компанияның өндірістік қызметі туралы нақты ақпарат жинақтау мен оның негізінде кәсіпорынның нақты экологиялық жағдайына қатысты басқару шешімдерін қабылдау үшін алғышарттар мен қорытындылар жасау (өндірістің қалдық сыйымдылығы, экологиялық сыйымдылығы, зиян сыйымдылығы, жабдықтар мен технологияларды экологиялық бағалау, өнімнің сапасы).

Қазақстандық аудиторлар айрықша назарды экологиялық бақылау қаражаттарын аудит жүргізетін тұлғалардың тиімсіз қолдануы туралы айғақтайтын жағдайларға бөлуі тиіс. Сонымен қатар, кәсіпорын өндірген және (немесе) оның қызметінің салдарынан өнімдерге деген тіркелген шағымдар, сондай-ақ құзіретті органдар жүргізген тексерістердің нәтижелері (шағымда айтылғандай да, сондай-ақ жоспарлы ретпен жүзеге асырылғандары да) ерекше қарастыруды қажет етеді [7].

Әдеттегі қаржылық тексерісті жүргізетін кез келген аудитордан (бастапқыда табиғатты қорғау мәселесімен шарттаспаған) экологиялық тақырыптардың салалары бойынша өзіне тән білімді игергенін күтудің қажеті жоқ. Мұндай жағдайларда, сырт тараптан эколог мамандарды жұмысқа тарту қажеттілігі туралы мәселе шығады. Соңғысы, мәселен, учаскінің ластану деңгейі мен сипатын бағалауды жүргізеді, тиісті заңнамалық талаптарға қажетті түсіндірулер береді, олардан шығатын шаруашылық жүгізуші субъектілерінің міндеттемелерін бағалайды және территорияны тазалауды барынша рационалды қолдану туралы пікір білдіреді. Тексеріс барысында аудиторға шаруашылық жүргізуші субъектінің басшысымен сараптамалық бағалау нәтижелерін талқылап, сондай-ақ кәсіпорында экологиялық мәселелерге қатысты сотта істің қаралу мен айыппұлдардың ықтималдылығының алдын алуға және талдау жасауға бағытталған процедуралар қолданылатын, қолданылмайтынын анықтап алғаны жөн. Атап айтқанда, аудит жүргізілетін тұлғада білікті заң кеңесін алуға мүмкіндіктің бар-жоқтығына қызығушылық

танытуы керек. Кәсіпорынның штатында табиғатты қорғау заңнамасын жүргізетін заңгердің болуы қолайлы фактор болып саналады [8].

Тұжырымдар. 1. Экологиялық аудит экологиялық сараптамен қатар экологиялық инспекциядан тең құқылы жағдайға ие болуы керектігін айту керек. Оның басты артықшылығы болып экологиялық аудит қосымша қаржылық жұмсалымдарсыз қоршаған табиғи ортаны қорғауды басқаруды күшейтуге мүмкіндік беретіндігі саналады. Сондықтан мемлекет экологиялық аудиттің дамуына және оның жұмыс істеуі үшін тиісті құқықтық әрі нормативтік базаларды жасауға мүдделі.

2. Экологиялық аудит экологиялық есепке алуға негізделген болуы керек. Экологиялық есепке алу түсінігі әлі де толық мағынаға ие болған жоқ және экономикалық-экологиялық теория мен практикада білімнің кешенді қалыптасқан жүйесі түрінде логикалық аяқталмаған, алайда жасыл экономиканың дамуы мен табиғатты қорғау іс-шараларына көңіл бөлудің артуынан таяу уақыттарда ЖОО-лардың лекция залдарына және басқа да білім беру мекемелерінде экологиялық аудит жөнінде лекциялар оқылуы және экологияландырылған қаржылық есептілік жасауға оқытуы әбден мүмкін.

3. Жергілікті сарапшылар мен экологиялық аудиторларды бірлескен жобаларға қатысуға ақпараттың жеткілікті көлемін және жергілікті жағдайларды тереңірек түсінуді қамтамасыз ету үшін ғана емес, табиғат қорғау қызметін басқару жөніндегі дағдыларды әзірлеу үшін де тарту керек.

4. Экологиялық аудит жүйесін енгізу жөніндегі зерттеулердің жеткіліксіз ғылыми әзірленуі және оларды жүргізу процесін жетілдіру жөніндегі практикалық ұсынымдарға едәуір қажеттілік одан әрі терең зерттеуді талап етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Серов Г.П. Экологический аудит и экоаудиторская деятельность. – М.: ИД "Дело", 2008. – 407 с.
- 2 Хан Ю.А. Конкурентоспособность аграрного сектора в условиях ВТО// Проблемы агроэкономики. -N3.- 2017. – С.13-20.
- 3 Ayres R. U. Business as a Living System: The Value of Industrial Ecology/ R. U. Ayres, L. W. Ayre //California Management Review, 2001. – Vol. 43. - № 3. - PP.16-25.
- 4 Банк С.В. Сравнительная характеристика отечественных и зарубежных стандартов отчетности// Аудитор.-2005.- №2.-С.46-53.

5 Смагулова Ш.А., Доскеева Г.Ж., Радько Н.М. Развитие агропромышленного комплекса Республики Казахстан // Проблемы агрорынка. – 2015.-№3. – С.14 – 20.

6 Шарипов А. К. Развитие экологического аудита в Республике Казахстан // Молодой ученый. – 2012. – №5.– С. 257-260.

7 Хоружий Л.И. Вопросы аудита государственной помощи сельскохозяйственных организациях/ Л.И. Хоружий, Н.А. Кокорев, В.И. Чикановский // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий.- 2005. - №11 - С. 33-38.

8 Ержанов М.С. Практическое применение экологического аудита в различных хозяйствующих субъектах // Туран. - 2013. - № 2 – С.137-144.

Әдебиеттер тізімі

1 Serov G.P. Jekologicheskij audit i jekoauditorskaja dejatel'nost'. – M.: ID "Delo", 2008 . – 407 s.

2 Han Ju.A. Konkurentosposobnost' agrarnogo sektora v uslovijah VTO// Problemy agrorynka. -№3. - 2017. – S.13 – 20.

3 Ayres R. U. Business as a Living System: The Value of Industrial Ecology/ R. U. Ayres, L. W. Ayre //California Management Review, 2001. – Vol. 43. - № 3. - PP.16-25.

4 Bank C.B. Sravnitel'naja harakteristika otechestvennyh i zarubezhnyh standartov otchetnosti // Auditor.- 2005.- №2.- S. 46-53.

5 Smagulova Sh.A., Doskeeva G.Zh., Rad'ko N.M. Razvitie agropromyshlennogo kompleksa Respubliki Kazahstan // Problemy agrorynka. – 2015.-№3. – S.14 – 20.

6 Sharipov A.K. Razvitie jekologicheskogo audita v Respublike Kazahstan // Molodoj uchenyj. – 2012. – №5.– S. 257-260.

7 Horuzhij L.I. Voprosy audita gosudarstvennoj pomoshhi sel'sko-hozjajstvennyh organizacijah/ L.I. Horuzhij, H.A. Kokorev, V.I. Chikanovskij // Jekonomika sel'skohozjajstvennyh i pererabatyvajushhih predpriyatii.- 2005. - №11 - S. 33-38.

8 Erzhanov M.S. Prakticheskoe primeneniye jekologicheskogo audita v razlichnyh hozjajstvujushhih sub#ektah // Turan. - 2013. - № 2 – S.137-144.